



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ  
ӨНІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

Ахмет  
БАЙТҰРСЫНУЛЫ

демонстрациялық дана

# БІЛІМ ЖАРЫСЫ

• СТУДЕНТТЕР ГАЗЕТІ • 15 мамыр 2023 ЖЫЛ • №4



МАМЫР  
МАЯ



Сіздерді Ұлы Жеңіс Күнімен  
шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп,  
жеңіс жалауы желбіреген күн.

Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де –  
осынау мерекенің жемісі.



МАЯ  
МАМЫР

ВЕЧНАЯ ПАМЯТЬ

## ВСЕ, ЧТО МЫ ИМЕЕМ, ИСХОДИТ ИЗ ПРОШЛОГО



Блажен, кто предков с чистым  
сердцем чтит. 7 мая в День  
защитника Отечества наш  
университет почтил память  
уроженца Торгая легендарного батыра  
Жанибека. Именно его ополчение в

18 веке сыграло решающую роль в  
освобождении северных казахских  
земель от джунгар. А накануне  
Дня Победы 9 мая наша редакция  
предложила самому молодому  
поколению КРУ – первокурсникам

- вспомнить о своих близких, о тех,  
кто приближал победу в Великой  
Отечественной войне века 20-го.  
Так появились Маленькие истории  
о Большой войне.

Продолжение на стр. 2

ВЕЧНАЯ ПАМЯТЬ

# ВСЕ, ЧТО МЫ ИМЕЕМ, ИСХОДИТ ИЗ ПРОШЛОГО

*Маленькие истории о Великой войне*



*Продолжение. начало на 1-странице.*

**Қаракөз МАҚАТОВА:**

Менің атам Мақатов Қали 1918 жылы 1 қаңтарда Қостанай облысы Жанкелдин ауданы Албарбөгет совхозы Сарысу ауылында дүниеге келген. Атам Торғайдағы интернатты үздік бітіріп, 1941 жылы Мәскеу жеріне соғысқа аттанады. Екі жылдан соң, құлағына оқ тиіп елге қайта жіберіледі. Соғыстан алған соққысы денсаулығына зиян тигізсе де ол өзінің қайрат жігерінің арқасында мектеп қабырғасында өмірінің соңына дейін еңбек етті. Қиындықтарды көрсе де өмірге деген құлшынысын жоймай алға ұмтылатын.

**Марина ЖАДЬКО:**

Мой прадедушка Мищенко Павел Данилович родился в 1918 году. Когда ему исполнилось 20 лет, он по призыву был направлен в армию, в 1941 году попал в окружение, а выбравшись, оказался на фронте. Был старшиной артиллерийской разведки. На протяжении всей страшной битвы прадедушке посчастливилось не получить ни одного ранения. Но о войне он не любил говорить. Изредка вспоминал: «Победа в Великой Отечественной далась нам не легко, мы потеряли многих товарищей. Но главное - никогда не падали духом и верили в себя». На фронте он встретил свою будущую жену, с которой и вернулся на свою Родину после окончания войны. За нелёгкий путь к Победе был награждён орденом «Красной звезды», медалью «За боевые заслуги» и множеством других наград. Прадедушка - большая гордость нашей семьи.

**Дәуіт МАРАТҰЛЫ:**

Менің атам Байқоныс Мұхамеджанұлы Ұлы Отан соғысының батыр – ардагері. Атам 1914 жылы киелі Наурызым ауданы Қайғы (қазіргі атауы Мереке) ауылында дүниеге келген. Майданға шақыру орны Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді аудандық әскери комиссариаты. Әскери бөлімі 595-ші атқыштар полкі, 188-ші атқыштар дивизиясы. Майданға қабылданған күні 1942 жылдың 5 шілдесінде. Әкемнің деректері бойынша Байқоныс атам моторлы

пулеметты-артиллериялық (моторизованная пулеметно-артиллерийская бригада) бригаданың сапында соғысқан. Байқоныс атам үш жерден жараланып денсаулығының жарамсыздығына байланысты ұрыс алаңынан шектетілген. 1943 жылдың 3 тамызында «Ұлы Отан соғысының 1-дәрежелі» орденімен марапатталады. Соғыстан оралған соң біраз лауазымды қызметтерде жұмыс атқарған.



**Виктория КАЗАЧЕНКО:**

В 1941 г. отец моей бабушки Казаченко Анны Павловны был связным у партизан на Украине, передавал в отряд информацию о враге. Он стал связным после неудавшейся эвакуации. Чтобы не оказаться в оккупации, его семье надо было пересечь Днепр. Перед самой эвакуацией он сказал своей жене, моей прабабушке Фроловой Платониде Максимовне: «Через мост не пойдём. Поплывём на лодке», - будто бы заранее знал план фашистов разрушить мост. Когда они уже переплывали реку, фашисты начали бомбить мост, на котором были люди со своим скотом. Прабабушка смотрела в воду, а там была сплошная кровь. Проплывала то рука, то нога, а то даже голова человеческая. ШОК! Зрелище ужасное. А враг уже поджидал на другом берегу Днепра. Так и не удалось им спастись от войны. Среди тех, кто не успел

эвакуироваться, были не только патриоты своей страны, как мой прадедушка, были и предатели. На прадедушку Павла Павловича Казаченко от кого-то из местных поступил донос. Фашисты пытали его как пособника партизан. Умиравший, он пытался доползти до дома, захлебываясь кровью. Не дополз. Умер от потери крови, изувеченный, но не сломленный.

**Зарина СЕРІКҚЫЗЫ:**

Менің атам - Ахметов Сұлтан Омарұлы. 1916 жылы 19 мамырда, Қарасу ауданында, Кузубай ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1939 жылы әскерден келген бетте, майданға аттанды. Шығыс елдерін, Манжур, Сталинград, сонымен қатар Молдова, Украина, Беларусь, Япония елдерін жаулап алғандағы көрсеткен шыдамдылығы мен батылдығы үшін бірқатар ордендерге, алғыс хаттарға ие болды. 1946 жылы соғыстан аман есен қайтып келіп, 1996 жылы 80 жасқа толғанда қайтыс болды. Тарихта есімі алтын әріптермен қалған елі үшін, жері үшін аянбай жанын қиюға дайын болған, елін қорғаған азаматтардың ішінде менің атамның үлесі бар болғанына мақтанамын.

**Дмитрий ШЕРЕПА:**

Не обошла стороной Великая Отечественная и мою семью. Только одной



историей не обойдусь. Дедушка мамы Зайнуллин Мулламухамед никогда не рассказывал о войне и только 9 мая надевал награды и ранним утром шел в парк Победы к нашему мемориалу. Родился он в Кустанайской области, отсюда же и призывался в армию. Служил в 1942-1946 годах в сухопутных войсках рядовым, шофером. Участвовал в боях на Сталинградском, Кавказском фронтах. Награжден орденом Отечественной войны 2 степени, медалями «За оборону Сталинграда», «За оборону Кавказа». Прабабушка Валя – уроженка Одесской области Грушовского района Украины. В начале той войны ей было всего 16. В оккупированном фашистами родном ее селе подростки собирали провизию, лекарства и тайно переправляли в партизанский отряд. При очередной такой акции фашистский снайпер, расположившийся на березе, начал стрелять по детям. Партизаны подоспели на помощь, но враг ранил-таки Валю в плечо. Пока заживала рана, она оставалась в партизанском отряде. Там очень понравился ей парень, но тогда было не до серьезных отношений, а потом он вообще оказался далеко от родных мест. Но после войны он все-таки нашел ее, они поженились. Родился сын, а он в этот счастливый день умер от открывшейся боевой раны в легком. Вернулась Валентина из роддома к крышке гроба любимого мужа. Потом уже уехала поднимать целину в далекий Казахстан, вышла замуж и родила еще 4-х детей. Дедушка отца – Федор Иванович Сорока. На войну призван с первых дней, так как был кадровым офицером НКВД. В боях за Киев попал в плен. Бежал. Вернулся в свою воинскую часть и продолжил воевать за Родину. Был майором СМЕРШ. Добился перевода в часть, которая освобождала родное село, где остались его жена с детьми. Прощел всю войну и погиб в Берлине за 5 дней до Победы. В эйфории финала той страшной войны смертельной стала оплошность – подкурренная ночью папироса, послужившая маячком для снайпера.

Дипломмен ауылға

## «Менің мақсатым – ауыл балаларын география пәніне баулу және жете түсіндіру»

Мемлекетімізде еліміздің дамуы мен өркендеуіне жағдай жасайтын біршама бағдарламалар қолға алынып жатыр. Соның бірден бірегейі «Дипломмен ауылға» бағдарламасы. Мемлекеттік жоба 2009 жылы іске асырылып, бірнеше жастың кәсіби шыңдалуына, қанат қағуына себепші болғаны анық. Бағдарламаның басты мақсаты – ауылды аймақтарды қажетті әлеуметтік сала бойынша мамандармен қамтамасыз ету.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы ҚР Тұңғыш Президентінің тапсырмасы бойынша 2009 жылғы 1 шілдеде Қазақстанда ауылдық аумақтардың кадрлық әлеуетін қажетті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Егер мамандар өз қызметін ауылдық жерде 3 жылдық жұмыс өтеушілікпен әлеуметтік сала мекемелерінде (денсаулық, білім, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт) бастаймын немесе жалғастырамын деген жастарды әлеуметтік қолдауға бағытталғаны көпшілікке мәлім.

Қазіргі таңда аталмыш жоба арқылы көптеген жастарымыз ауылдық жерлерде өз кәсіби білімдерін жетілдіріп, үлкен биіктерге қанат қағуда. Сондай ақ, жоба аясында ауылдық елді мекенге жұмысқа орналасып, ауылды көркейтіп жүрген жастарымыз да аз емес. Солардың бірі А.Байтұрсынов атын-

дағы Қостанай өңірлік университетінің түлегі – Мұқағали Алпыс Байболұлы. Алпыстың сүйіп таңдаған мамандығы – география саласы. Университетімізді ойдағыдай тәмамдап, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жолдама алып, ауылдық жерден жұмыс іздей бастаған. Қазіргі таңда Торғай өңірінде мектепте жұмыс істеп жатыр. – Менің мақсатым – ауыл балаларын география пәніне баулу және пәнге деген қызығушылықтарын ояту болатын. Соның нәтижесінде оқушыларым аудандық, облыстық кезеңдерден жүлделі орындар алып жүр. Сүйіп істеген ісіңнің жетістікке жетері анық. Негізі география пәнін көбісі таңдай бермейді, оның себебі жұмыс табуымыз қиын болады деп ойлайды. Бұл шындыққа жанасса да, өзімнің география пәнін таңдағаным, ауылға келіп, қызмет істеп жатқаным еш өкінбеймін. Бастамасы жаман емес,- дейді түлегіміз. «Еліміздің болашағы – жастар» десек, сол жастардың төрт-түліктің төлін баққан ағайындармен бірге еңбек етіп, ауылдық жерлерді жандандырып, жұмыс жасасақ, ауылдың қаладан кем болмасы анық.

Қостанайда білім алған түлектер өте көп, солардың арасында мақтан тұтып, университетіміздің атын шығарып жүрген біраз түлектеріміз де бар. Әр адамның алдына қойған мақсаты болады және сол мақсат



бойынша әрекет еткен абзал. Ал мақсаты мен арманы жоқ адам – қанатсыз құспен тең. Өмірде екі нәрседен қателеспеу керек: өмірлік жар және мамандық таңдаудан. Алпыс Байболұлы өзінің кішкентай кезінен келе жатқан арманын жүзеге асырып, сүйікті мамандығын таба білген тұлға.

Дипломмен ауылға барып, жұмыс істеу екінің қолынан келе бермейтін іс. Ал жас маман алған білімімен қала емес, ауыл балаларын білім нәрімен сусындатып, ауыл-

ды көркісіз, ауылына адал қызмет етіп жүргені ерлік іс. Жастардың ауыл тірлігімен біте қайнасуы қуантарлық жайт. Сондықтан, өскелең ұрпақтың ауылдың тыныс тіршілігіне араласып, түтінін түтетіп көркейтуге бағдарламаның тигізер пайдасы мол.

Айжан АСҚАРБЕК,  
«Журналистика» мамандығының  
2-курс студенті.

Өмір ырғағы тез өтуде

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘУЕЛДІК



Ғалымдардың зерттеуі барысында орын алған қызықты дерек бойынша, Мэриленд университетінің американдық ғалымдары 5 жыл бойы 21 және 25 жастағы біршама жастардың тобын бақылаған. Зерттеуге қатысушылардың жартысынан көбі құрамында кофеині жоғары энергетикалық сусындарды үнемі тұтынған. Нәтижесі бойынша энергетикалық сусындарды үнемі тұтынғандар кейін есірткіні, атап айтқанда какаоинды қолдану қауіпі жоғары екені анықталды. Сондай-ақ, энергетикалық сусындарды үнемі пайдалану – сусынға және алкогольге тәуелділікке алып келетіндігі бұрынғы

зерттеулермен расталды. Демек, ғажайып сусынның құтысы жаман өмірге жол ашады және адам ағзасын құрдымға әкеледі.

Иә, наразылық тудыратын адамдар да жоқ емес. Мәселен, бір шыныаяқ кофеде энергетикалық сусынға қарағанда кофеин әлде қайда көп болады. Шынында бұл солай болуы мүмкін, бірақ энергетикалық сусынның айласы - бұл салқындатылған және қатты газдалған сусын. Сондықтан энергетикалық сусынды тез жұтып ішуге болады, соның нәтижесінде газ көпіршіктері кофеиннің ағзаға тез сіңуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бір құты энергетикалық сусынның құрамында химиялық заттардың қоспасы және он төрт қасыққа дейін қант глюкозасы бар. Глюкозаның ішінде энергетикалық сусындардың бір бөлігі болып табылатын женьшень мен гуарин сияқты жүйке жүйесін ынталандырығыш қоспалар бар. Нәтижесінде денеге осындай тез қу-

аттандырығыш соққы беріледі. Көп мөлшерде бұл сусынның құрамында таурин амин қышқылы да бар.

Қазіргі таңда энергетикалық сусындардың сұранысы күнделікті өсуде. Бұған себеп сауда нарығындағы энергетикалық сусындардың кең ауқымы сатылуы және оны кеңейтілген түрде жарнамалауы. Статистикаға сүйенсек, энергетикалық сусындарды күнделікті қолданатын жас мөлшерлері 16 жастан 35 жас аралығындағы адамдар. Олардың арасында әсіресе көп қолданындары, түнгі ауысымда жұмыс жасайтын адамдар. Жоғарыда айтылып кеткендей, энергетикалық сусынды қабылдағаннан кейін дене жігерлендіріліп, ұйқы бұзалады. Сондай-ақ, мұндай сусындардың құрамында психостимулятор бар, ерте ме, кеш пе, тәуелділік тудыратындығы анық. Бірақ біздің миымыз барған сайын еркін күш-қуатты қалайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, кофеин олардың ішіндегі ең қауіптісі болып

танылады. Кофеин ағзаға түскенде мидағы шаршауға жауап беретін нейротрансмиттердің әрекетін тоқтатады. Бұл құбылыстың нәтижесінде біз өзімізді көңілді сезінеміз. Одан әрі адреналиннің артық өндірілуіне ықпал етіліп, адамның тек көңілді болуы ғана емес, сонымен қатар мұқияттылығы өсіп ынталандырыла түседі.

Бұл энергетикалық сусындардың қаншалықты зиянды екендігі жайында ұшан-теңіз ақпараттар айтылып жатса да мұны ескеріп жатқан ешкім жоқ. Әр адам зиянды заттарды қолданғанда тек өзіне ғана емес болашақ ұрпағына да зиянын тигізіп жатқандығын ескеру қажет. Денсаулық — тек жеке бастың ғана емес, ұлтымыздың ұлы игілігі. Осыны ескере отырып, салауатты өмір салтын ұстануды ұмытпайық!

Дәуіт МАРАТҰЛЫ  
Мадина АКЕШОВА  
«Журналистика» мамандығының  
студенттері



Біздің күнделікті өмір ырғағымыз тез өтуде. Таң атса, кеш батып, 24 сағат уақытыңыз өте шығады. Көбімізде бір күндік күш таусылып, бойдағы қуат жетіспейді. Осы орайда адам ағзасын жігерлендіріп, бойына күш-қуат беретін энергетикалық сусындар жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақ секілді адамды түрлілігімен қызықтырып дайын тұр. Сергіткіш немесе энергетикалық деп аталып жүрген сусын түрі әлем нарығында өзінің орнын кеңінен жайған. Әлем бойынша миллиондаған жастардың сүйікті сусынына айналды. Көпшіліктің айтуынша, аталмыш сусын дәмді, адам бойында жігерлікті күні бойына ұзартып, сергітеді. Дегенмен жастар арасында кеңінен қолданып жүрген бұл сусын тәуелділікті тудырып, өмірді қысқартпайды ма? Берер пайдасынан бөлек қандай зиянды салдары бар? Бұл көптің көкейінде жүрген сұрақ.

Философия жизни

## Чтобы поверить в добро, надо начать его делать

В нашем университете на базе педагогического института с 2018 года работает волонтерский центр «Доброе сердце», который является добровольным объединением студентов. Идейный вдохновитель и основатель движения - старший преподаватель кафедры дошкольного и начального образования Жандауова Шолпан Еркиновна.



Мы побеседовали с участницами движения студентками Александрой Денисовой и Дарьей Стоногиной. Будущие педагоги с удовольствием согласились ответить на наши вопросы.

### -Как начался ваш путь в волонтерство?

- Все началось с первого курса, когда у нас появилась дисциплина «Волонтерство». Мы - педагоги начального образования. После первой акции нас это так зацепило, что стало понятно: теперь благотворительность станет частью нашей жизни. Это ведь так здорово - создавать вокруг себя что-то хорошее, помогать другим, делать добро, при этом получая огромное удовольствие, осознавая, что не только мир благодаря тебе становится лучше, но и ты сам меняешься и воспитываешь в себе чувства сопереживания, соучастия, бескорыстия. Оказалось, что это здорово, когда ты живешь,

отдавая. Когда приходишь к детям, лишенным детства в родной семье, видишь их радость, горящие глаза и получаешь колоссальный позитивный заряд. В первый раз, когда тебе чей-то брошенный ребенок рассказывает свою печальную историю, наворачиваются слезы, становится тяжело на душе. Но со временем ты понимаешь, что всё-таки мы приходим к таким детям, чтобы дарить им минуты счастья, а не грустить. Когда ты начинаешь общаться с ними, играть, слышать их смех, понимаешь, что нет места для слез. И просто от души веселишься с ними, как будто они твоя семья.

### -Какого рода помощь оказывает ваш центр и кому она предоставляется?

-Мы помогаем детям из неблагополучных семей, приютам, центрам реабилитации, детям, которые находятся в спец-центре, в который

определяют тех, чьи родители не могут обеспечить ребенку должного проживания и воспитания. Что делаем? Пытаемся вернуть их в детство. Устраиваем костюмированные представления, конкурсы и не только в какие-то праздничные, но и в обычные дни, развлекаем их, играем с ними. А еще покупаем им игрушки, одежду, сладости, предметы детской канцелярии, дарим подарки.

### -Где вы находите на это средства?

- Сначала мы собирали деньги в своих студенческих группах, но этих средств катастрофически не хватало. Ведь деток много, и хотелось порадовать их всех хорошими подарками. И тогда мы решили выкладывать посты в Инстаграм с просьбой о пожертвованиях для детишек. Откликнулось много желающих из разных уголков страны, переводы приходили даже из России.

### -Какие планы на будущее у «Доброго сердца»?

- В этом году мы подключим к своей деятельности новый 1 курс и передадим эстафету. У нас уже закрепились отношения с детскими домами, есть их контакты, нас там всегда ждут. Наверное, даже когда мы станем учителями, все равно будем приходить туда. Потому что есть дети, которые остаются там надолго, они тебя помнят и ждут. Готовимся посетить их 1 июня. В прошлом году в День защиты детей делали им аква-грим. Об этом они и сейчас вспоминают.

### -Как и когда можно присоединиться к вашей команде?

- Достаточно написать нам в Инстаграм. Конечно, волонтеров нам не хватает. Сейчас у нас всего 2 парня в команде, так что студенткам часто приходится играть мужские роли в представлениях - того же Деда Мороза. Необходима помощь и при транспортировке подарков.

Инстаграм кафедры [https://www.instagram.com/kafedra\\_dino\\_kspu/](https://www.instagram.com/kafedra_dino_kspu/)

Инстаграм волонтера [https://instagram.com/aleksandra\\_24.05](https://instagram.com/aleksandra_24.05)

Слушая Дарью и Александру, я вдруг вспомнил крылатую фразу Гете: «Тот, кто ничего не делает для других - ничего не делает для себя». Вот такая она - философия жизни.

Григорий КОЛЬЧЕВСКИЙ,  
студент 2 курса специальности  
«Переводческое дело»

Новость в сто слов

## Знай наших!

Финал учебного года стал щедрым на победы студентов КПУ в различных состязаниях



На чемпионате Азии по гиревому спорту, в котором участвовало 505 спортсменов из 15 стран, в составе национальной сборной Казахстана выступали и наши студенты (специальность ФКиС). Чемпионом Азии 2023 года стал наш Денис Долгашов в весовой категории 73 кг - 1 место (толчок) и 2 место (рывок). Антон Стельмах в весовой категории 58 кг добавил Казахстану две серебряные медали - в толчке и рывке. «Серебро» в весовой категории 63 кг и у Манура Шаекенова (рывок).

Лучшими по всем номинациям (интеллектуальная игра, КВН, мини-футбол, волейбол, «Фотокросс», баскетбол, творческий гала-концерт) были наши студенты и на региональном фестивале «Студенческая весна 2023».

Больших успехов студенты различных специальностей добились в республиканских предметных олимпиадах: 1 место в олимпиаде по теории и методике физической культуры и спорта; 3 место у наших студентов-историков, студентов специальностей «Иностранная филология», «Психология», «Агрономия», «Ветеринарная санитария».

## Сербия, Турция, Азербайджан и не только...

### Широка география международного сотрудничества нашего университета

В ежегодной весенней научной конференции КПУ «Байтурсьновские чтения 2023» ныне приняли участие ученые Польши, США, Испании, Украины, Болгарии, Белоруссии, России. Работа конференции проходила по 5 направлениям: ветеринарные и сельскохозяйственные науки; гуманитарные, в том числе педагогические науки; естественные науки; общественные; точные и технические науки.

А в рамках программы Эразмус+ с 15 по 27 мая в университете читала лекции, проводила консультации для студентов, магистрантов, докторантов специальности «История» профессор Университета Дубровник (Хорватия) доктор PhD Мария Бенич Пенава.



В это же время в рамках Дня культуры Азербайджана в Казахстане и 100-летия лидера нации братской страны Гейдара Алиева прошла международная научно-практическая конференция на тему «Межэтнические отношения. Решение проблемных вопросов в разных странах». Среди гостей и участников форума были заместитель Чрезвычайного и Полномочного Посла Азербайджанской Республики в Казахстане Ровшан Кязимов, председатель Общественного Объединения «Азербайджанская община Костанайской области «Бірлік» Рафаил Гаджибалаев, профессор кафедры журналистики Бакинского Славянского университета Шелале Гасанова.



Талаптыға нұр жауар

## Талапкерлер назарына: оқуға түсудің жаңа талаптары қандай?

**А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінде бакалавриат академиялық білім дәрежесінен басқа магистратура және докторантура қарастырылған. Оқу үрдісіне 2021 жылы талаптар енгізіліп, 2023 жылы өзгеріске түскен болатын.**

Аталмыш университетке қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғаларға мынандай талаптар қойылады:

1. Шет тілінен (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз);

2. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні тестінен;

3. Оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдау бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын кешенді тестілеу тапсырады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар мынаны ескергені жөн:

1. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест;

3. Оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) тесттен тұратын кешенді тестілеу тапсырады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалардың қаперіне:

1. Ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен;

3. Оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдау бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тіліндегі тесттен тұратын кешенді тестілеу тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсуші талапкерлер үшін:

1. Шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) тест;

2. Оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдау бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын кешенді тестілеу;

3. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін ЖЖОКБҰ-мен дербес өткізіледі. Бұл ретте түсушілер шығармашылық емтиханды жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша оқуға түсетін ЖЖОКБҰ-да тапсырады.

Тест тапсырмаларының саны – 130. Тестілеу уақыты – 3 сағ. 55 мин.

Докторантураға «Магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар немесе медицина мамандықтары бойынша резидентурада оқу бітірген түлектер қабылданады. Докторантураға түсушілер мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

1. Еркін нысандағы өтініш;

2. Білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);

3. Жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4. ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы ресми сертификат (qaztest);

5. Шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат.

Ағылшын тілі бойынша:

1. IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

2. TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

3. TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

4. TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460.

Неміс тілі бойынша:

1. Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі);

2. TestDaF-Prufung (Niveau B2/B2 деңгейі).

Француз тілі бойынша:

1. TFI (Test de Franais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;

2. DELF (Diplome d'Etudes en Langue francaise) – B2 деңгейі;

3. DALF (Diplome Approfondi de Langue francaise) – B2 деңгейі;

4. TCF (Test de connaissance du franais), шекті балл кемінде – 50.

№ ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік-табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған арада осы шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

Бұдан басқа:

1. 3x4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;

2. Жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс-парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

3. Соңғы 3 жылдағы ғылыми жарияланымдар тізбесі, зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

4. Алдын ала іріктеу нәтижелері («Денсаулық сақтау» бөлім саласы бойынша).

5. 5 және 8 тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқасымен қатар көшірмелерде ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымшада тестілеуден «Өтті» немесе «Өтпеді» деген нысанды деңгейде бағаланады. «Өтті» деген деңгейге жету үшін кемінде 75 балл жинау қажет.

Мадина МЕЙРИМ,

«Журналистика» мамандығының 2-курс студенті

## «SAGRIS»

жоғары білім беру саласында әлеуетті  
арттыру жобасы



**Erasmus+ SAGRIS – «Тұрақты ауыл шаруашылығы және болашақтың агрожүйелері саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жетілдіру» халықаралық жобасы 2020 жылдың 15 қаңтарынан бастап, 2023 жылдың 14 қаңтарына дейін іске асырылды.**

Оның ішінде қазақстандық және ресейлік 4 жоғарғы оқу орны жобаның қатысушылары атанды. Сол жоғарғы оқу орындары қатарында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті де бар. Жоба жұмыс істеген жылы құрамына 150-ден астам оқытушы кіретін ЖОО аралық модульдік жұмыс топтары құрылды. Еуропалық сапа стандарттарына сәйкес докторанттарға арналған SAGRIS білім беру пәндерін әзірлеу бойынша жұмыс басталды.

Халықаралық сапа стандарттарына сәйкес аспиранттар мен докторанттарды даярлауды және жетілдіруді мақсат ететін бұл жоба тұрақты ауыл шаруашылығы мен болашақтың агрожүйе саласындағы проблемалары мен міндеттерін талқылау үшін тиімді шешімдер қабылдауда пайдаланылатын түбегейлі жаңа білім беруге ұмтылады.

Серіктес университеттерде докторантураны жетілдіру бойынша стратегиялық құжатты әзірлеу - жобаның мақсаттарының бірі. Осыған байланысты «Үшінші цикл бойынша

білім берудің желілік ынтымақтастығы» жұмыс тобының мүшелері «ҚҰУ-де докторантураны жетілдірудің 2023-2027 жылдарға арналған бағдарламасын» әзірледі. Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру және алынған нәтижелердің тұрақтылығын сақтап қалу бойынша жұмыс жалғасуда.


Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде халықаралық топ әзірлеген материалдарды пайдалану докторантура бағдарламаларының сапасын арттырады деп күтілуде. Сонымен қатар, SAGRIS жобасы барысында алынған университеттер арасындағы жеке және ресми байланыстар тағылымдамадан өту, докторанттардың бірлескен мақалалары және шетелдік ғылыми кеңесшілерді тарту сияқты оқу процесінің аспектілерін одан әрі дамытуға әсер етуі мүмкін.

Жоба үйлестірушісі, PhD докторы – Индира Айтжанова университеттің ғылыми кеңесінің отырысында бағдарлама жөнінде баяндама жасап, онда SAGRIS жобасына арналған бағдарлама бекітілді.

Қазіргі уақытта бағдарламалар келесі жылдан бастап академиялық бөлімге түсетін болашақ аспиранттар мен докторанттарға толық дайын.

Арсен КОЖАЕВ,

«Журналистика» мамандығының 2-курс студенті.



Все флаги в гости к нам

## Почему Адриан из Ренна выбрал КРУ



В нашем университете проходит стажировку студент Высшей политической школы Франции

...Это мой первый опыт общения с иностранцем. Я долго не решалась встретиться с Адрианом и взять интервью. Очень волновалась. Чтобы получить максимум пользы от общения, подготовилась заранее: составила список вопросов, продумала, как себя вести, выбрала уютное место в парке на скамье.

В тот день была прекрасная весенняя погода, щедро грело солнце. В этой чудной обстановке мы начали беседу. Адриан сразу узнал меня, а я - его. Мы не чувствовали дискомфорта при общении, ведь мы виделись раньше на уроках французского языка. Я знаю, что в мире за французами «закреплены» такие качества, как обаяние, галантность, остроумие, раскованность. Но я почему-то представляла себе французов очень

сдержанными, закрытыми, неразговорчивыми. Оказалось - Адриан приветливый и вежливый. А еще, как только мы встретились, я почувствовала, что будто знаю его очень давно... Добрая улыбка не сходила с его лица, речь была приятна и понятна. Меня удивила его не показная открытость в общении.

Мне было интересно узнать, как этот французский парень попал в Казахстан, да еще и в наш КРУ. Оказалось, что Адриан - студент Высшей политической школы Франции, которая расположена в городе Ренн. Стажировка - обязательная часть обучения в этом вузе. На 3 курсе там предоставляется возможность пройти 4-месячную стажировку за границей. Выбирая этот формат, студенты смогут открыть для себя но-

вые сектора рынка, вырасти в самостоятельности, обрести уверенность в профессиональной деятельности, обрести ценный опыт знакомства с новой страной, культурой, образовательными программами. Адриан уже стажировался в Турции, сейчас он выбрал Казахстан. Но почему Костанай? По словам Адриана, он искал в мире такой институт, который связан с изучением французского языка, потому что общаться на этом языке ему проще. Он увидел информацию о нашем вузе на веб-сайте и выбрал эту программу. Привлекло его и то, что у нас есть «Французский культурный центр». А еще он представлял костанайцев очень дружелюбными - это также одна из причин его выбора.

Он быстро нашел общий язык с нашими студентами. Успел уже прогуляться по набережной Тобола, побывал на стадионе, посетил 18 костанайских ресторанов и все наши ТЦ. Отметил, что уровень знания языка студентов кафедры иностранной филологии очень хороший. Удивился тому, что в университете очень активная студенческая жизнь: много мероприятий, акций, концертов. Адриану нравится проводить

время со студентами: вместе они смотрят фильмы на французском языке и обсуждают увиденное. Мы говорили не только об учебе, но и об увлечениях. Оказалось, что Адриан - фанат футбола. Он любит не только смотреть футбольные матчи, но и сам играет в футбол. А в свободное время читает книги, смотрит фильмы и сериалы.

До приезда сюда наш Костанай виделся ему маленьким и пустым городом. Улыбается: «Но всё оказалось наоборот - здесь много интересных мест и достопримечательностей. И еще у вас красивая природа и свежий воздух».

*Наступит день, когда этот обаятельный парень вернется на родину, и во Франции появится еще один человек, который сможет рассказать о нашем Казахстане, о нашем КРУ, о том, что Костанай - не маленький и не пустой город, и что в нем ценят французскую культуру и изучают французский язык*

Карина БУРХАНОВА,  
студентка 2 курса  
специальности «Переводческое дело»



## Жастан жасқа

### Ата басылымға саяхат

Жуырда А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің 1-ші курс студенттері Раушан Азаматқызы, Бибіт Мирамұлы және Диана Маратқызы қала орталығында орналасқан «Қостанай таңы» редакциясына арнайы экскурсия жасады.

«Қостанай таңы» - өңір халқының көзі, құлағы һәм тілі. 100 жылдық тарихы бар басылым оқырман қауымды сапалы әрі мазмұнды мақалаларымен әрқашан қуантып келеді.



Газеттен тәжірибе жинаған маман иелері келешекте өз ісінің майталман шебері болатыны сөзсіз. Осы желеумен, Ахаң атындағы қара шаңырақ студенттері газеттің бас редакторы Кенжеш Оразғалиқызымен жолығып, редакция басшысының журналистка саласындағы тәжірибиесі мен ақыл-кеңесін тыңдады.

— Журналистиканың қай саласы болмасын ерекше. Мен сендердей кезімде осы салаға алғаш рет қадам бастым. Телевизиядан бастап қазіргі күнге дейін газетте қызметтемін. Журналистің басты қасиеті — табандылық.

Өзіне жүктелген тапсырмаға мығым төзімді болуы керек. Қара басын ғана ойламай, елдің мұңын жоқтау негізгі парызыңның бірі. Әуелі халық үшін жұмыс жасауы шарт. Сондай-ақ, тек бір саланың етегінен ұстап өмір бойы өтемің деу дұрыс емес. Жан-жақты, түрлі салада бақ сынап, өздеріңді көрсете білу жұлдыздарыңның жанғаны. Қазіргі күні өз ісін жақсы білетін, тәжірибелі мамандар ғана елге пайдасын тигізе алады, -дейді Кенжеш Оразғалиқызы.

Газет тілшісі әрі кафедрамыздың 1-курс студенті Бибіт Нұрмұхан студенттерді басылымның тарихынан сыр шертетін арнайы ақпараттық тақталармен, редакция қызметкерлері пайдаланған журналистік құралдармен таныстырды. Бибіттің айтуынша, 1922 жылы 25 маусымда тұңғыш кәсіби журналист Мұхамеджан Сералин мен жазушы Бейімбет Майлин негізін қалаған газеттің шоқтығы биік. Бұл газетте есімдері танымал тұлғалар қызмет істеген. Солардың ізін жалғаушы ұрпақ та шетте қалған жоқ. Кіл марқасқалар мен өз істерін жетік меңгерген Ә.Ыбырай, Қ.Қиысхан, Қ.Оспанова, Ш.Қоңқабай, А.Айқадамова, Ж.Жүсіпбек, Ә.Қибабаштар сөзіміңнің айқын дәлелі.

Бас редактордың орынбасары Аслан Қанғожин газет дизайнын әзірлеу, жеке басылым сайтына ақпараттың қалай шығару қажет екендігін көрсетті. Оған қоса, болашақ журналистерге тіл тазалығы, қолданыстан шыққан сөздер жайлы да баяндады.



— Газетке мақала жазған студенттер стилистикалық қателерді жиі жібереді. Сол үшін арнайы кітаптарды оқып, күмәнданған сөздеріне мән берсе жақсы болар еді. Дегенмен де, сауатты жазатын, өз ойын ашық та анық жеткізе алатын жастар да баршылық, -дейді Аслан мырза.

Раушан АЗАМАТҚЫЗЫ,  
«Журналистика» мамандығының  
1-курс студенті.

Преподаватели тоже люди

## Он знает турецкий, любит песни Цоя и «бодается» с агроблогерами

*Вы когда-нибудь задумывались о судьбах окружающих? Мы часто забываем о том, что у людей, живущих бок о бок с нами, есть свои чувства, мечты, переживания и проблемы. Наша новая рубрика как раз о том, что личности наших университетских преподавателей интересны не только в контексте их профессиональной деятельности*

Наш герой целиком и полностью профессионально принадлежит агрономии. Его жизненное и профессиональное кредо - «Не навреди!», он без устали пропагандирует бережное отношение к земле. Калимов Ниязбек Ерханович исполняет обязанности профессора, является кандидатом сельскохозяйственных наук, автором учебных пособий и монографий, многочисленных публикаций в научных журналах, участвует в проектах международного и национального уровня.

Когда я только собиралась на встречу с Ниязбеком Ерхановичем, представляла его мужчиной среднего роста и телосложения,

но в итоге стала заведующей сельской библиотекой. Услышав это, я, конечно же, решила поинтересоваться, заставляли ли родители нашего героя читать, на что он улыбаясь ответил: «Я просто ходил с мамой на работу, и мы там много читали».

Теперь у профессора своя семья - супруга и две дочери, одна из них еще учится в школе, другая осваивает кредиты для получения степени магистра, нет, не в Турции, как папа, - в Венгрии. Мне стало любопытно, говорят ли они о различиях систем образования Казахстана и Европы: «Моя старшая дочь окончила Назарбаев Университет, поэтому различий особых не почувствовала, так как наша система образования схожа с европейской, но, конечно же, есть и свои нюансы. Кстати, в Венгрии обучение ей дается легче, чем до этого в Казахстане».

Ниязбек Ерханович признался, что он с семьей любит путешествовать по Казахстану. Излюбленное место - Алматинская область. А еще семья Калимовых обожает готовить сообща какие-нибудь вкусняшки.



обязательно в классическом костюме, при очках и с ручкой в руке. Думала, что у него строгий подход к обучению, но доброе и понимающее сердце. Была уверена, что в свободное от работы время он проводит в кругу семьи, а по выходным ездит на дачу и окучивает землю. А теперь вам предстоит узнать, каким на самом деле оказался человек, которого знают аграрии не только нашей области.

Ниязбек Ерханович оказался спортивным, динамичным, подтянутым, приветливым и без очков. Он хорошо знает турецкий и у него есть кошка по имени Раджа, с которой они дружны уже 4 года. В далеком 1996 году, когда о том, что такое магистратура в Казахстане еще никто не знал, 8 месяцев он изучал турецкий язык. Тогда он стал одним из первых казахстанских магистров после обучения в Турции.

Ниязбек Ерханович рассказал мне о своем детстве. Его отец большую часть своей жизни проработал бухгалтером сельского предприятия, мама сменила множество про-

Попросив описать свой идеальный выходной, я услышала: «Когда никто не звонит и не пишет в ватсап», - но, конечно же, это не распространяется на друзей. «Друзья - это другое дело!».

Оказалось, что профессор знает и любит слушать песни Виктора Цоя: «90-е годы - это моя молодость». Услышав это, я подумала: «Наверное, он душа компании единомышленников». Я спросила, что бы он посоветовал нынешней молодежи, на что герой ответил: «Не терять время зря. Я даже на лекциях спрашиваю, почему вы слабо знаете английский язык, ведь это ваше будущее, это ключ к открытию многого в мире».

Кстати, напомню, в своих предположениях я упоминала дачу. Оказалось, что ее нет, но зато у Калимовых есть небольшой земельный участок на территории дома мамы: «Нам этого достаточно». С моей стороны было бы просто преступлением не спросить у ученого, кандидата сельскохозяйственных наук, использует ли он собственные технологии на этом кусочке земли. Ответ был



прост: «Конечно, как и любой дачник».

А еще Ниязбек Ерханович рассказал о постоянных баталиях в интернете с агроблогерами, распространяющими химикаты, которые наносят сильнейший вред почве: «Доходит до того, что кто-то банит меня, но потом все равно обращается ко мне за помощью».

У меня сложилось впечатление, что Ниязбек Ерханович не только культурный и очень тактичный человек, но и безмерно интересная современная личность, информационно и технологически «продвинутая», с которой можно поговорить обо всем на

свете. Он с радостью расскажет, как правильно обработать землю, посоветует, какие живописные места в Казахстане стоит посетить, неназойливо даст дельный совет. От него исходит энергетика умного, креативного, интеллигентного и порядочного человека, которого хочется слушать, удивляться, восхищаться и при этом совершенно не ощущать ни возрастной, ни социальной дистанции.

Алина АЛЬМИШЕВА,  
студентка 2 курса  
специальности «Журналистика»



Сегіз қырлы бір сырлы

## Шағын кәсіптің шағын бастамасы



Кез келген адамның ыңғайына қарай немесе бала кезінен ұнатып, айналысатын ісі болады. Әр адам бір дүниеге қызығушылық танытып, оған тамсану ол қалыпты жағдай. Ал сол қызығушылыққа ниет білдіріп, оны жарату батыл адамдардың жарқын көрінісі.

Сүйікті ісімен айналыса жүре оның үстіне пайда табу – адамға екі есе бақыт әкелетінін көбісі біле бермейді. Сондай батыл жандардың бірі Ахметбекова Алина. Киелі оқу ордамызда білімін шыңдап жүрген студент қызымыз қазіргі таңда «Есеп және Аудит» мамандығының 1-ші курсында оқуда. Алинаның қызығушылығы ол кондитерлік өнімдер жасау. Алинаның бүгінгі кәсібін дамытуы және кондитер ісінің қыр-сыры жайлы сұхбаттақан болатынбыз.

- Талантты адамның бойында 1% дарын

ал қалған 99% еңбек болып табылады, осы кондитерлік өнімдер жасауға бала кезіңізден ыңғайыңыз болдыма? Әлде қажырлы еңбектің арқасында жетілген кәсіп пе?

- Кондитерлік өнімдер жасауға 14-15 жасымда әуестілігім пайда болды. Басында қарапайым өнімдер жасаудан бастадым. Уақыт өте келе күрделі торттар мен тоқаштар жасауды үйрендім. Әрине кез келген кәсіпті білікті деңгейге жеткізу үшін біраз тер төгу қажет. Бастысы айналысатын кәсібіңе қызығушылық пен сүйіспеншілік таныта білу керек. Бойыңда осы екі қасиет болмаса, дайындалып шығатын дүниенің сапасыз әрі дәмсіз болады. Алғашқы дайындаған тортым «Сметтаник» болған-деп есіне түсіріп, жымылып күлді.

- Кондитерлік істі бастауға және осы күнге дейін жаныңнан табылып, бағыт-бағдар беріп, қолдап жүргендер бар ма?

- Бала кезімнен барлық бастауларыма қолдау білдіріп, жанымда болған жан – ол әрине анам. Алдымнан шыққан кез-келген қиыншылыққа дайын болуыма және сол қиыншылыққа төтеп беруді анам үйретті. Оқуда болсын, айналысып жүрген ісім болсын, кез келген жағдайда анам әрқашан қолдау білдіріп, жанымда болады. Анамының маған деген жанашырлығы мен махаббаты мені әр кез жігерлендіріп, бойма қуат береді.

- Осы салада әлі де толықтай біле бермейтін тұстарыңыз бар шығар. Бүгінгі күні кондитерлік салада тәжірбиеңізді қалай толықтырып жүрсіз?



- Әрине, әлі күнге дейін мен білмейтін жаңашылдық көп. Жалпы өнімдердің сапасын жақсарту үшін күнделікті тәжірибе қажет деп ойлаймын. Өзім тәттілердің рецептурасын, консистенцияларын ғаламтор желісінен іздеп табамын. Кейде өзімдік қиялмен жаңа нәрсе жасауға тырысамын. Күнделікті өнім дайындаған соң, бұл іске машықтанғанмын. Соның нәтижесінде дайындап жүрген өнімімнің сапасы жоғары.

- Қазіргі таңда кондитерлік өнімдерге сұраныс қандай? Тапсырыс жасаушылардың пікірі жайлы айтып кетсеңіз...

-Бастапқы өнімдерімді туыс-туғандардың сұранысы бойынша жасайтынмын. Олардың жақсы пікірлерін естіп, бойыма біраз мотивация алып, өз ісімді бастап кеттім. Бүгінде өнімдіріме жиі тапсырыс беретін клиенттік базамды қалыптастырдым десем болады. Әр кез тапсырыс жасағанда тек оң пікірлерді

естимін. Бұл мені әрине жігерлендіріп, одан әрі дамуыма мүмкіншілік тудырады. Мен шығаратын өнімнің санын емес сапасының жақсы болуын міндет тұтамын. Себебі, сапасы жоғары өнімнің бағасы да жақсы болады.

-Осы бағытыңыз бойынша болашаққа қандай мақсаттарыңыз бар?

- Осы кәсібімді аяққа нық тұрғызбайынша үлкен болашаққа жоспар құру ерте секілді, дегенмен, барлығы бір Аланның қолында, бұйыртып жатса, кәсібімді кеңейтіп кондитерлік өнімдер жасайтын цех ашсам деймін. Бұл әрине біраз күшті және қаражатты талап етеді. Алайда мақсатыңа нақты қадамдар жасасаң, алынбас қамал жоқ деп ойлаймын.

Дәуіт Маратұлы,  
«Журналистика» мамандығының  
1-курс студенті.

Тыңдауға кеңес

Бүгін кинода

## «Jersey club»-тың толқыны

*Jersey club - алғашында «Brick city club» атауына ие болған музыкалық жанр. Бұл жанр Ньюарк қаласында орналасқан Нью-Джерси штатында өз бастауын алды. 2000-шы жылдары қалыптаса бастаған жанр, қазіргі уақытта да өз беделін жоғалтқан жоқ.*

Jersey club музыкалық шығармашылықтың дамуына DJ Tameil және Brick Bandits тобының қатысушылары өз үлестерін қоса білді. Өз шығармаларын жазу барысында хаус пен хип-хоп жанрларын бір-бірімен сабақтастыратын «Baltimore club» жанрынан шабыт алып, тыңдармандарға . Jersey club стилінде жазылған ән ұсынады. Jersey club Baltimore club секілді ритмі жылдам болып келеді (Минутына 130 - 140 соққы шамасында). Jersey club пен Baltimore club музыкалық жанрлар бір-біріне ұқсас болғанымен әр жанрдың өзіндік ерекшеліктері бар. Jersey club-тың Baltimore club-тан айырмашылығы – әуенінде сэмплдер және триплэтті барабандардың қолданылуы (Сэмпл – басқа өлеңнің фрагменті).

Соңғы 2 жылда бұл жанр музыкалық индустрия кешеніне қайта оралып, әлем деңгейінде танымалдылыққа ие болды. Мәселен, Tik Tok желісінде, аталмыш жанрдың негізінде жазылған Lil Uzi Vert- тың «I just wanna rock» атты шығармасы көпшілік қауымның арасында беделі артты. Сондай-ақ, Drake - Sticky, showspeed - shake, NLE Choppa - Do it again(ft.2Rare) атты әндер Jersey club жанрына ұқсас жазылған.

Қазіргі таңда елімізге Jersey club музыкалық жанрының келгеніне көп болмағанымен, осы жанрға әуесқой тыңдармандардың қызығушылықтары арта түсуде. Сондай-ақ, Англияда, Жапонияда және Ресейде аса танымалдыққа ие.

Алексей ТААХ,  
Журналистика мамандығының  
2-курс студенті



## «Джохан 2» комедиялық фильмі

бір бақытсыз актер әңгімесінің жалғасы.

*«Джохан 2» фильмі үстіміздегі жылдың 4-мамырында гана әлемдік премьерға шыққан жаңа қазақстандық отбасылық фильм. Комедия жанрында түсірілген, 12 жасстан асқан көрермендерге арналған. Соңғы кездері кино әлемінде танымал болып жүрген жас актер Жахан Утаргалалиевтің фильмі.*

Алғашқы болып түсірілген «Джохан» комедиялық фильмінде оның екі арманы болады – кино жұлдызы болу және үлкен джекпотқа қол жеткізу. Бірақ олардың ешқайсысы орындалмайды. Бір күні Джохан джекпотқа қол жеткізуде қайғылы салдармен жеңіледі. Қарызға белшесінен батқан ол ұрланған алтын қоймасын іздейтін қарақшылармен мәміле жасайды. Ал «Джохан 2» фильмінде Джохан команда жинап, адамдарға әртүрлі мәселелерді шешуге көмектесетін агенттік ашады. Джоханның командасының мүшелері, оның ішінде өзі де, кез келген жағдайда мәселені шешу үшін белгілі бір рөлдерді сомдайтын кәсіби актерлар. Бір жағдайда олар мейірімсіз жауыздар

болса, екіншісінде алаяқтық риэлторлардың құрбандары. Джоханның әйелі Әлияға бұл ойдың бәрі ұнамайды. Джохан оған соңғы жұмысын аяқтағаннан кейін жұмыстан кетуге уәде береді. Соңғы тапсырыс қаржы пирамидасының құрбаны Болат есімді азаматтан қабылданады. Егер Джохан осы іспен айналысса, ол тек өзіне ғана емес, осы пирамидаға соңғы ақшасын салған қаншама адамға көмектесер еді.

Бірінші болып көпшілікке ұсынылған «Джохан» фильмі өте әсерлі, ой салар, көңіл толымды фильм. Көпшілік көңілінен шыққандай. Ал соңғы шыққан «Джохан 2» фильмі көпшіліктің ғаламторда жазған пікірлерінен миға қонымсыз, өте жеңіл түсірілгендей әсер қалдырады. Мәселен, «Өкінішке орай комедия деп түсірілсе де, күлетін жері жоқ. Ақшаны шығындап қажет емес. Жарнамаға көңіл бөлгенше киноның сапасына көңіл бөлінуі қажет еді. Сценарий жоқ деп айтуға болады. Мағынаны айтпағанда жалпы көңіл көтере де алмайды екенсің»-деген секілді пікірлер көптеп кездеседі.

Менің екінші бөлімге бару себебім, түйер ой, әсерлі күле отыра ойланып, жылап аламын деп барған болатынмын. Менің де ойымнан шықпады. Қазақша кино дамып, адам ойы өзгерген сәтте осындай жеңіл-желпі түсірілген кинолар ойды бірден бұрып, қайта жағымсыз пікірлер тудырады. Халық демаламыз деп уақыт бөліп келген соң, біраз жан-жақты жұмыс жасау керек секілді. Дегенмен қазіргі таңда осы сарында жаңадан шығып жатқан жоғары деңгейдегі, көпшілік жоғары бағалап жатқан отбасылық фильмдер де жоқ емес. «Хотя бы в кино» 1 және 2 комедиясы, «Бақыт» фильмдерін атауға болады.

Балауса ЖҮНІС,  
Журналистика мамандығының  
2-курс студенті

Бас редактор/Главный редактор  
Кунгурова О.Г.

Бас редактор орынбасары-беттеуші/  
Заместитель главного редактора-верстальщик  
Мираспеков С.Н.

Редактор  
Утепбаева С.Т.

Телефон: +7 (7142) 51 11 93